

**"Біліктілік емтиханын өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
2014 жылғы 28 сәуірдегі № 191 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 609 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 14543 болып тіркелді.

"Құқықтық актілер" туралы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 50-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Біліктілік емтиханын өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 191 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9479 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 2 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылын:

"Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 23-2)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**";

аталған бұйрықпен бекітілген Біліктілік емтиханын өткізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бұл Біліктілік емтиханын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 15-бабы 23-2)-тармақшасына сәйкес әзірленген және біліктілік емтиханын өткізу тәртібін айқындайды".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Ерғожин Д.Е.) заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Каржы министрі

Б. Сұлтанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК